

**Қазақстан Республикасының тарихи  
және мәдени ескерткіштерінің жинағы**

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫ**





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ  
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША  
МЕМЛЕКЕТТІК  
«МӘДЕНИ МҰРА»  
БАҒДАРЛАМАСЫ  
АЯСЫНДА  
ШЫҒАРЫЛҒАН  
КІТАПТАР СЕРИЯСЫ

**«Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын  
жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңес**

Әшімбаев Мәулен, *кеңес төрағасы*  
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек  
Атабаев Қамбарбек  
Аяған Бүркітбай  
Әбжанов Хангелді  
Әбусейітова Меруерт  
Әжіғали Серік  
Әлімбаев Нұрсан  
Байпақов Карл  
Байтанаев Бауыржан  
Балықбаев Тахир  
Дүйсембаев Еркін  
Есім Ғарифолла  
Жақып Бауыржан  
Жұмағалиев Асқар  
Жұмағұлов Бақытжан  
Қасқабасов Сейіт  
Қозыбаев Ілияс  
Құл-Мұхаммед Мұхтар  
Құрманбайұлы Шерубай  
Мұхаммадиұлы Арыстанбек  
Мыңбай Дархан  
Нысанбаев Әбдімәлік  
Салғараұлы Қойшығара  
Самашев Зейнолла  
Сұлтанов Қуаныш  
Тұяқбаев Қанат  
Шаймерденов Ербол  
Шеңгелбаев Бақытжан



УДК 730 (075)  
ББК 85.13 я  
Қ 18

Батыс Қазақстан облыстық Тарих және археология  
орталығының көмегімен шығарылып отыр

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
«Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлері басылымы»  
бағдарламасы бойынша шығарылған

Қ 18 Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы.  
Батыс Қазақстан облысы. – Алматы: «Аруна», 2011. – 512 бет.

ISBN 9965-26-383-3

Басылымда Батыс Қазақстан облысы территориясында сақталып, мемлекеттің қорғауына алынған және осы кітапты басып шығару барысында жаңадан анықталған археологиялық, тарихи, қала құрылысы, архитектуралық және монументальді өнер ескерткіштерінің ғылыми-анықтамалық мақалалары энциклопедиялық бағытта баяндалады.

Бұл жинақта облыстың физикалық-географиялық ерекшеліктері, өлкенің палеолит кезеңінен біздің кезеңге дейінгі тарихы таныстырлады. Кітапта облыста жүргізілген көп жылғы зерттеулер нәтижесінде жинақталған археологиялық ескерткіштер, архитектура ескерткіштерінің нақты зерттеулері, тарих және монументальді өнер туралы кең көлемдегі мәліметтер берілген.

Ескерткіштердің жазбаша анықтамасымен бірге, олардың фотосуреттері және сызба-жобалар беріледі, олардың көбі алғашқы рет жариялануда. Басылым түрлі көрсеткіштер мен библиографиялық дерек көздермен жабдықталған.

Кітап археология, тарих, этнография, өлкетану, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау және пайдалану салалары мамандарына, ауылдық, қалалық, аудандық, облыстық әкімшілік қызметкерлеріне, сондай-ақ Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасына қызығушылықпен қарайтын әр саладағы оқырмандарға арналған.

УДК 730 (075)  
ББК 85.13 я

ISBN 9965-26-383-3


© «Аруна Ltd», ЖШС, 2011

# БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

---

---


Карта- дағы №	Әкімшітік-аумақтық бөлімінің аты	Аудан орталығының аты
1	ОРАЛ э. ц.э.	
2	Ақсайық ауданы	Чапаев а.
3	Бөкейордасы ауданы	Сайқына
4	Берт ауданы	Ақсайық
5	Жаңақуна ауданы	Жаңақуна а.
6	Жәтбек ауданы	Жәтбек и.
7	Зеленое ауданы	Переметное а.
8	Казталов ауданы	Казталов а.
9	Қаратөбе ауданы	Қаратөбе а.
10	Сырым ауданы	Жымпиты а.
11	Тасқуна ауданы	Тасқуна а.
12	Төренті ауданы	Федоровка а.
13	Шыңғырлау ауданы	Шыңғырлау а.



Ф Е Д Е Р А Ц И Я С Ы

Саратов

облысы



о б л ы ы

А к т ө б е  
о б л ы с ы



Мәдени мұраны сақтау және зерттеу – Қазақстан Республикасының ғылыми, рухани дамуының негізгі бағыттары болып табылады. Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев бұл жұмысты Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуында маңызды мәселелермен қатар қойды. Бұл орайда Президент мәдени мұраның тек ғылыми маңызын ғана емес, оның азаматтық және ұлттық тәрбиеде алатын орнын баса айтты.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы мұндай өзекті мәселенің өмірлік маңызымен бүгінгі күн тақырыбына сәйкестілігін көрсетіп берді. Атқарылған жұмыстарды талдай келе, көптеген бөлімдерді зерттеу мәселесі енді-енді басталғаны айқын болды. Сондықтан тарихи-мәдени ескерткіштердің жинағын шығару кезінде мәдени мұраны талдау мен оны сақтауға баса көңіл аударылды. «Батыс Қазақстан облысының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы» кітабы – энциклопедиялық бағыттағы ғылыми-ақпараттық басылым. Ол облыс көлемінде сақталған археологиялық, тарихи, архитектура және қала құрылысы, қолданбалы мәдени ескерткіштер туралы баяндайды. Жинақты әзірлеуге, мәліметтер жинауға Батыс Қазақстан облыстық Тарих және археология орталығы мен Батыс Қазақстан облыстық Мәдениет басқармасының тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы қатысты.

Бұл басылым Тарих және археология орталығының ғалымдары мен қызметкерлерінің соңғы жылдардағы зерттеу қорытындылары бойынша даярланды.

Облыс аймағында анықталған археологиялық ескерткіштердің үлкен бөлігі осы кітапта қамтылған. Жинаққа тарихи, архитектура, қолданбалы мәдени ескерткіштермен қатар, қарапайым ескерткіштер де қамтылды, оларсыз облыстағы тарихи-мәдени дамудың суреттелуі толық болмас еді.

Кітаптың кіріспе бөлімі облыстың әлеуметтік-саяси және мәдени-экономикалық дамуы туралы мәліметтермен ашылады. Осы бөлімде ескерткіштердің аудандарда орналасуы, зерттеу тарихы мен оларды қорғау туралы деректер берілген.

Жинақ әкімшілік-территориялық негізде құрылған: облыс орталығы Орал қаласындағы ескерткіштер, әуелі қала орталығында орналасқандары, сосын Орал қалалық әкімшілігіне қарасты аумақта, кейіннен аудан, аудан орталығы мен елді мекендер туралы тарихи анықтамалар берілген. Елді мекендерден тыс аумақтағы ескерткіштер жақын маңдағы ауылдарға қарасты нысан ретінде берілді.

Мақалалар атауында анықтауыш сөз болып бірінші кезекте: тұрғын үй, обалар, молалар, тұрғын-жайлар, ескерткіштер алынған. Архитектуралық ескерткіштердің атауы олардың бастапқы қызметіне орай қойылды.

Мақалалар индекстік көрсеткіштермен анықталған. Мақалаларда археологиялық ескерткіштер атауынан кейін тұрған рим саны қорған кешенінің, қоныстардың, тұрақтың, орналасқан жерінің ретін; ал араб сандары обаның немесе қоршаудың ретін білдіреді. Бірдей атаудағы ескерткіштер ұлғаймалы реттік негізде орналастырылған. Ескерткіш атауынан кейін жақшаға алынған араб саны бір атауға біріктірілген, ол анықталған обаның немесе басқа нысанның санын білдіреді.

Ескерткіштер туралы мақалалар барынша қысқа және орналасқан жері, уақыты, зерттелуі жөнінде мәлімет, сипаттамасы мүмкіндігінше жинақталып, көрсетілді. XX ғасыр басына дейінгі кейбір архитектуралық ескерткіштер туралы деректер аз, сондықтан олар туралы алғашқы мәліметтер берілді. Ескерткіштердің аудандар бойынша сипаттамасынан кейін библиография көрсетілген.

Ірі археологиялық ескерткіштер: палеолит дәуіріндегі Ешкітау қонысы, мезолит дәуіріндегі Танас, неолит дәуіріндегі Лубенка тұрағы; қола дәуіріндегі Илекшар, Кресты және Бауыржан аяқ орындары мен қорған кешендері; скиф-сармат дәуіріндегі Лебедевқа, Қырықоба II; Облавқа қорған кешендері, Алтын Орда дәуіріндегі ортағасырлық Жайық қалашығы, сондай-ақ Орал қаласындағы архитектуралық ескерткіштер туралы толық мағлұмат қамтылды. Мақалалар фотосуреттермен, жобалармен, сызбалармен, архитектуралық ескерткіштер құрылыс жобаларымен толықтырылған.

Кітаптың басында және әр бөлімінде облыс бойынша архитектуралық және тарихи ескерткіштердің орналасуы көрсетілген карта берілген. Облыстық картада олардың саны, ал аудандық картада орналасқан жері көрсетілген. Орал қаласының карта-сызбасында жобаланған құрылымдардың тарихи орналасуы және тарих пен мәдениеттің ескерткіші болып табылатын қаланың ескі бөлігі, сондай-ақ республикалық және жергілікті мәні бар ескерткіштер көрсетілген. Аудандардың карта-сызбасында археология, тарих және мәдени ескерткіштер көрсетілген. Аудан орталығы, елді мекендер, теміржол және автомобиль жолдары, негізгі су қоймалары, қырқалар, жинаққа енген ескерткіштердің орналасуы көрсетілген.

Басылымның ғылыми анықтамалық аппаратына библиография, әліппелік, атаулық, географиялық, жиынтықталған сілтемелер, терминологиялық сөздік, қысқартылған сөздер, т.б. кіреді. Әліппелік және жиынтықталған сілтемелер ескерткіштің реттік санына, ал атаулық және

географиялық сілтемелер беттік санына байланыстырылған. Батыс Қазақстан облысы бойынша 2010 жылғы 1 қаңтарда атауы өзгертілген аудандар мен елді мекендердің тізімі берілген.

Археологиялық ескерткіштер туралы мақалаларда Батыс Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының (2001 – 2010 ж.), Орал археологиялық экспедициясының, Астрахан экспедициясының Каспий маңы тобының, Әлкей Марғұлан атындағы Археология институты экспедициясының және облыс аймағында XX ғасырдың 20 – 30 және 50 жылдардағы топтардың есептерінен мағлұматтар алынған. Археологиялық зерттеулер XIX ғасырда, XX ғасырдың 20 – 50 жылдары эпизодтық түрде жүрді, тек XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап бұл жұмыс кешенді түрде жүргізілді. Бұл жұмыстың басында зерттеушілер М.С. Бабаджанов, А. Харузин, Т.А. Терещенко И.А. Кастанье, А.Л. Аниковский, А.В. Попов, М.Л. Юдин, П.С. Рыков, Т.Н. Сенигова, И.В. Синицын, Г.И. Багриков, Г.А. Кушаев, В.Ф. Железчиков және басқалар түр.

Жаңа ғасырда облыста археологиялық жұмысты арнаулы ғылыми ұйым – Батыс Қазақстан облыстық Тарих және археология орталығы жүргізуде, оның құрамында М.Н. Сдықов, А.А. Бисембаев, С.Ю. Гуцалов, С.К. Рамазанов, А.А. Жұбанов, Р. Мерғалиев, Д. Марыксин, Т. Жүсіпқалиев, Я. Лукпанова, У. Утепбаев, Е. Орынбасаровтар бар. Зерттеудің көптеген бөлімі басқа ғылыми ұйымдармен бірлесе атқарылуда. Соның ішінде, ҚР ҒБМ Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкерлері К.М. Байпақов, З. Самашев, Ж. Құрманқұлов, Г. Ахатов, С. Берденов, Д. Лобас, Д. Воякин, Г. Шербаев және басқалар бар.

Архитектура жөніндегі мақалаларда Батыс Қазақстан облыстық Мәдениет басқармасының Тарихи мәдени мұраларды қорғау мемлекеттік инспекциясының Н.Р. Мамаев және А. Гридневердің ізденістері мен құжаттандыруда жинақтаған мәліметтері қолданылды. Сондай-ақ, кітапта облыстық Тарихи елкетану мұражайында жинақталған құжаттар пайдаланылды. Басылымда қолданылған фотоматериалдар орталықтың мұрағатынан алынды.

Соңғы жылдары мамандар бұрыннан белгілі және кейін ашылған тарих және археология ескерткіштеріне тексеру жүргізді. Барлық тарихи мәдени ескерткіштерге құжаттар мен есеп карточкалары толтырылды. Елді мекендердің, көше, мекеме мен ұжымдардың атаулары соңғы өзгерістерге сәйкес берілді. Тарихи мәдени ескерткіштер туралы мәлімет 2009 жылдың 1 қаңтарына сәйкес көрсетілді.

Осы жинақты құрастыруда негізгі мәліметтерді Тарих және археология орталығының қызметкерлері жинақтады және тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Н. Сдықовтың ғылыми жетекшілігімен жарық көрген 14 томдық «Батыс Қазақстан облысының табиғи, тарихи мәдени мұра ескерткіштері» жинағы негіз болды (Жинақтың әр томы жеке ауданға, олар 12, облыс орталығына және жалпы облысқа арналған).

Жинақты құрастырушылар Батыс Қазақстан облысының тарихи мәдени ескерткіштері туралы толық мәлімет беруге, оны қорғау жөніндегі мәселелерге көңіл аударуға, қазіргі қоғам өмірінде ескерткіштерді толық пайдалануға, сонымен қатар, Отанды сүйге және ескі жәдігерлерге ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеуді мақсат етті.

Бұл жинақтың авторлары – тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Н. Сдықовтың ғылыми жетекшілігіндегі Батыс Қазақстан облыстық Тарих және археология орталығы ұжымының қызметкерлері.

Басылымның алғы сөзін, кіріспе бөлімін жазған және басылымды толық редакциялаған М.Н. Сдықов;

Ақжайық және Тасқала аудандарын Т.Т. Жүсіпқалиев;

Бөкейордасы және Жәнібек аудандарын Я.А. Лукпанова;

Берді, Сырым, Теректі аудандарын Р.С. Мерғалиев;

Орал қаласы, Зеленов, Жаңақала, Шыңғырлау аудандарын Д.В. Марыксин;

Казталовка ауданын У. Утепбаев;

Қаратөбе ауданын Е. Орынбасаров;

Облыстың табиғаты жөнінде С.К. Рамазанов, А.А. Жұбанов жазды.

Анықтамалық ақпарат, сілтемелер және қосымшалар мен фотосуреттерді даярлаған орталық қызметкерлері.

*М.Н.Сдықов.*

*Батыс Қазақстан облыстық Тарих және археология  
орталығының директоры,  
тарих ғылымдарының докторы,  
профессор.*

## КІРІСПЕ

Батыс Қазақстан облысы – Қазақстанның қиыр солтүстік-батысында, Жайық өзенінің ортаңғы ағысында орналасқан. Облыс оңтүстігінде Каспий маңы ойпатының солтүстік территориясын, солтүстік-батысында Жалпы Сырт сілемдерін, ал солтүстік-шығысында Елек өзеніне дейінгі алқапқа созылып жатқан Орал маңы үстіртінің біршама территориясын алып жатады.

Географиялық координаттар жүйесінде, яғни экватор мен бастапқы меридианмен салыстырмалы түрде алғанда, географиялық картадағы облыстың ең қиыр нүктелерінің географиялық координаттары 47° 56' және 51° 46' солтүстік ендіктер мен 46° 29' және 54° 35' шығыс бойлықтар арасында орналасқан. Өлкетану әдебиеттерінде кең тараған түсінік – Жайық өзенімен өтетін Еуропа мен Азия құрлықтары арасындағы табиғи шекара ескірген. Қазіргі уақытта Қазақстан территориясында бұл шекараны табиғи белгілері бойынша Мұғалжар тауларымен, Ембі өзені және Каспий теңізінің солтүстігіндегі тектоникалық жарық арқылы жүргізеді.

Облыстың жалпы шекарасының ұзындығы 2274 шақырым, соның ішінде Ресеймен мемлекеттік шекара – 1400 шақырым, Қазақстан облыстарымен – 847 шақырым. Облыс солтүстігінде және батысында Ресей Федерациясының Саратов, Самара, Орынбор, Волгоград облыстарымен, ал шығысы мен оңтүстігінде Қазақстанның Ақтөбе, Атырау облыстарымен шектеседі. Жалпы жер көлемі 151,3 мың шаршы шақырым, бұл Қазақстанның жер көлемінің 5,6% -ын құрайды. Қазақстанның 14 облысымен салыстырып қарағанда, Батыс Қазақстан облысы жер көлемі бойынша 8-ші орында.

Облыс аумағы түгелдей Каспий маңы тектоникалық ойысында орналасқан. Тау жынысы құрылысы, оның қуаты мен орналасуы, геологиялық құрылымының дамуы мен оның қозғалыстар нәтижесіндегі өзгеруі – геологиялық тарихымен айқындалады.

Батыс Қазақстан облысының жер бедері мен ландшафттық құрылымының қалыптасуы палеоген дәуірінен бастап төрттік кезеңге дейінгі аралықты қамтиды. Облыс аумағының геологиялық тарихи дамуы, оның жер бедерінің күрделі жазықтық бойынша шөгінді жыныстардың жасының әр түрлілігі, пайда болуы мен минералдық құрылымын анықтайды.

Облыста палеозой мен мезозой қабаттарындағы шөгінді тау жыныстарынан мұнай мен газ өндірудің болашағы зор болмақ. Мұны көптеген кен орындарының табылуы дәлелдейді. Бұл кен орындары негізінен тұзды күмбездер маңдарында шоғырланған. Ойыстың ортаңғы бөлігіндегі (облыстың оңтүстігі) қалың қабатты шөгінділер әсерінен пайда болған қысым мұнай және газ орындарын аймақтың шеткі, көтеріңкі бөліктеріне ығыстырып, оларды беткі қабатқа жақын жерге жинақтады. Бұған дәлел – көмірсутекті Қарашығанақ кен орнының ашылуы. Бұл кен орнында тұзды қабат астынан девон кезеңінің шөгінділерінен жеңіл мұнай алынуда.

Облыстың солтүстігінде 50 м тереңдіктен жасы юра дәуіріне жататын жанғыш тақта тас кен орны бары анықталды. Бұл жанғыш тақта тас кен орындары Сырттың оңтүстік баурайларында Таловка өзені (Шаған өзеніне құйылады), Рубежка мен Ембулатовка өзендері аралығында, сонымен қатар, Жайық өзенінің жағалауында, Чёрнозатон (Январцево кенті маңында), Тұқсай және Новосеменовскіде кездеседі. Жанғыш тақта тас кен орындары Индер көтерілімінде, орта юра шөгінділерінде де кездеседі.

Тұзды күмбездер ас және калий тұздарының, гипстің, ангидриттің, алебастрдің (гипстің уақ түрі) кен орындарымен байланысты. Индер көтерілімдерінде бораттың ірі кен орны бұрыннан қазылып келеді. Облыс аймағының терең қабаттарында термальді судың мол қоры бар. Көптеген сорлы ойпаттарда емдік қасиеті бар минералды балшықтар түзілген. Облыста құрылысқа қажетті бор, әктас, құм, қиыршық құм шөгіндісі, керамзит сазы және т.б. жүзден аса материалдар қоры барланды. Өлкеінің солтүстігінде бордың мол қорынан құрылысқа қажетті әктас, сылау материалдары өндірілуде. Жайық өзенінің аңғарынан, жайылма үсті террасаларынан және жайылмалардан құрылысқа қажетті құм қиыршықтары өндіріледі. Сырт алды жазығынан керамзит өндіруге жарамды материалдың қоры зерттеліп, пайдаланылуда. Федоровка ауылының маңынан ыдыс және қолөнер бұйымдарын жасауға қажетті қыш сазы өндіріліп, Орал қаласында одан қышты жабындар жасалады.

Батыс Қазақстан облысының жер бедері – көрінісі, мөлшері, қалыптасу жағдайы, жасы және даму тарихы әртүрлі жер бедері пішіндерінің жиынтығы. Қалыптасу жағдайы мен облыс аумағын қамтуы жағынан жер бедері Каспий маңы ойпатының беткі бедерін күрделендіре түсетін морфокұрылымдар мен морфомүсіндердің түрліше геоморфологиялық қатардағы кешені түрінде байқалады.

Облыстың неғұрлым биік нүктелері солтүстік-шығысында жатыр, ал оңтүстік-батыс бағытқа қарай абсолюттік биіктіктер төмендей түседі. Облыстың ең биік нүктесі – Ақтөбе облысымен шектесетін шекараға таяу, Шыңғырлау ауданындағы Отрадное ауылының солтүстігінде, Орал маңы үстіртіне жатқан Шыбынды қырқасы. Қырқаның батыс бөлігінің абсолюттік биіктігі – 273 м. Ең төменгі аумақ облыстың оңтүстік-батысындағы Тұзды Балшықтардың (Хаки) айналасында, 6 – 8 метрге дейінгі аралықта жатыр. Ал орталығында олар 11 метрге дейін жетеді. Алайда ең төменгі абсолюттік белгі



Жайық (Орал) өзенінің сол жағалауында, Атырау облысымен шекарадағы су деңгейінің абсолюттік биіктігі жекелеген жылдарда 15 метрді көрсетеді.

Төбелердің салыстырмалы түрдегі биіктіктері мен олардың түрліше созылып жатқан тізбектері облыстың Орал маңы үстірті мен Жалпы Сырт шегінде 60 – 70 м-ден аспайды. Тегістіктегі мұндай көтерілімдер жер бедерінің биік пішіндеріне тән көрініс береді. Қалған басым бөлігінің салыстырмалы биіктіктері 30 – 40 м және одан да төмен. Өлкенің жер бедеріне көз салатын болсақ, ол Жайық өзені мен Каспий маңы ойпатына қарай еңісті болып келеді.

Облыс территориясында жер бедерінің алты ірі пішіндері кездеседі, олар – құрлымды-денудациялы сатылы-еңісті Орал маңы үстірті, қыратты жазықты Жалпы Сырттың оңтүстік сілемдері, Жайықтың аңғарлы жазығы және Жайықтың арғы жағындағы еңісті жазықтық (Сырт алды кемері), Каспий маңы ойпаты аккумулятивті жазықтығы, Жайық өзенінің аңғары.

Қазіргі уақытта облыс территориясының солтүстік бөлігінде континенталды, ал оңтүстік шөл аймағында шұғыл континентальді климат қалыптасқан.

Облыс аумағында беткі суларды 196 өзен, 3260 көл және 24 су қоймалары құрайды. Өлкеде көптеген тоғандар және батпақты телімдер кездеседі. Облыстың шығыс-европалық типтегі басты өзені – Жайық солтүстіктен оңтүстікке қарай ағып, облысты шығыс және батыс бөліктерге бөледі. Басқа өзендер көктемде деңгейі шұғыл көтерілетін, ал басқа жыл маусымдарында ағысы болмайтын (Іле өзенінен басқа) – қазақстандық типке жатады. Бассейнінің ауданы 50 км<sup>2</sup> кем болатын кіші-гірім өзендер – 14, олар – Қалдығайты, Бұлдырты, Өлеңті, Үлкен Аңқаты, Кіші Аңқаты, Елек, Утва, Барбастау, Шаған, Деркөл, Қара Өзен, Сары Өзен, Көшім тармағы, Бағырдай тармағы.

Өлкеде суы мол, жазғы маусымдарда кеуіп қалмайтын 29 көл кездеседі. Көлдердің 97% -ының су айдынының ауданы 1 км<sup>2</sup>-кем. Облыстағы көлдердің жалпы су айдынының аумағы 908 км<sup>2</sup>, олардың 20% кішкене көлдер құрайды. Облыстың көлділігі тек 1% -дан кем (облыстың жалпы аумағының пайыздық үлесіне шаққандағы көлдің жалпы су айдыны) болады. Ең үлкен Шалқар көлінің ауданы 200 км<sup>2</sup>. Жайық өзенінің аңғарында көлдер ескі арналар түрінде берілген. Су қоймалары бөгенді және құймалы, ал түбінің сипатына қарай аңғарлық және қазаншұңқырлы болып келеді. Кеме Жайық өзені арқылы жүреді. Облыстағы барлық су қоймалары қыс мезгілінде қатады.

Облыстың аумағында өсімдіктер екі белдемдік типке жатады; солтүстік және орталық бөлігінде – далалық, ал оңтүстігі – шөлді. Жайық өзені мен далалық өзендер аңғарларында өзіне тән өсімдіктер қауымдастықтары қалыптасқан. Облыста мекен ету аумағы әртүрлі, даланың осы ерекшелігіне орай жануарлар әлемі де өзгеше әрі сан қилы. Омыртқасыз жануарлардың түрлік құрамы бай. Қазақстанда мекендейтін омыртқалы жануарлар түрлерінің жартысынан астамы облыс аумағында кездеседі.

Табиғат әлемінің байлығы облыс аумағында адамдардың қоныстану ерекшелігіне, тіршілік қарекетінің әртүрлілігіне ықпал етті.

Тарихты анықтауда археология ерекше орын алады. Зерттеушілердің бірнеше буын өкілдерінің атқарған қызметтерінің арқасында облыс өңіріндегі тарихи кезеңдер мен оқиғалардың жалпы көрінісін суреттеу мүмкін болды.

Түрлі деңгейдегі тарихи және мәдени дамудың негізгі кезеңдері толық анықталды. Қазіргі археология ғылымы алдыңғы буынның қол жеткен табыстарына сүйене отырып, оларға соңғы ашылған жаңалықтарды қосып және жаңа технологияны пайдалана отырып қызмет етеді.

Батыс Қазақстанда археология ескерткіштерін зерттеу арқылы өткен тарихи кезеңдерді ғылыми тұрғыдан ашуын негізі 4 кезеңге бөлуге болады.

1-кезең XVIII ғасырды қамтиды. Бұл кезде Батыс Қазақстан аумағы Ресей ғалымдарының жаратылыстану ғылымдары өкілдерінің ғылыми зерттеу аймағына айналды. Олар ежелгі мәдениеттің қалдықтарын анықтау, зерттеу және нақтылау әдістерінің негізін салды. Біздің өлкеге сол кезде келген П.И. Рычков, П.С. Паллас, Г.С. Карелин және басқа зерттеушілер тарихи материалдарды, қазақ даласында жиі кездесетін археологиялық ескерткіштерді анықтап, оларды қағаз бетіне түсірумен, ежелгі тарих және мәдениет материалдарын жинаумен айналысты. Ресейлік ғалымдар таныс емес жердің табиғи байлығын, мүмкіндігін анықтап, аймақтың тарихы және мәдениеті бойынша көптеген құнды мәліметтерді жинақтады.

Солардың ішіне облыс аумағында жүргізген экспедиция кезінде олар анықтаған археологиялық ескерткіштер туралы зерттеулері басты орын алады. 1748 жылы П.И. Рычков «Орынбор губерниясының топографиясы» атты атақты еңбегінде Жайық бойының адамдар тұрағы туралы көптеген нақты дәлелдер келтірді: 1. «Қырғыз-қайсақтардың кіші ордасында, Илецк тұзын өндіретін Илецк қорғанында, салт атпен бір күндік жерде, Илек өзенінің екінші бетінде кірпіштен салынған құрылыс көрінеді. 2. Сол жерден өзен бойымен бір күндік жерде, «Үлкен Қобда» деп аталатын, Байтақ мекенінде, ескі қаланың орны бар. Ол жерде әлі күнге қазылған арық іздері, егістік үшін жыртылған және бақша орындары бар. 3. Бұл жерден Ата Ойыл өзенімен бір күндік жерде, қырғыздар әулие Мәулім-Берді (Мавлюм-Берды) деп атайтын мекенде, күні бүгінге дейін анық көрінетін 30-дан 40-қа





*Хтва өзенінің ортаңғы ағысы*

дейін тастан салынған ескі қаланың ізі байқалады. Мұнда канал жүргізілген, егістік, бақша орындары бар. 4. Сол жерден Сағыз өзені бойынан бір күндік жерде көптеген ескі құрылыс көрінеді. Бақшы мекенінен Сағыз өзенінен екі күндік жерде, Бақшыдан жоғары қарай Зина өзенінің сағасына дейін, Мұғалжар өзеніне құйылатын жерде және көне қала орнынан қазылған арық, орлар және көптеген обалар бар. Кей обалардан ірі көлемдегі адам сүйектері шығып жатыр, сондай-ақ алтын, күміс бұйымдар және көптеген құралдар бар». П.И. Рычковтың фактілерді анықтаудағы ғылыми талапшылдығы, нақты мәліметтерді көрсетуі бұл мәліметтердің дәлдігіне күмән келтірмейді.

Орыс ғалымдары арасынан П.С. Палласты ерекше атап өтуге болады. Ол бұл өңірге үш рет келген. Жайық бойын Атыраудан (Гурьев) Оралға дейін түгел аралап, өңірдің солтүстік бөлігін зерттеген, Бөкей Ордасын зерделеген. П.С. Паллас жинаған материалдарын «Ресей империясының әртүрлі аймақтарына саяхат» атты кең көлемді еңбегіне енгізді, мұнда өлкенің толық хаттамасы, этнографиясы мен тарихы жазылған.

П.С. Паллас өз еңбегінде тапқан тарихи және мәдени көне ескерткіштің толық сипаттамасын берді, соның ішінде екі қалашық туралы, біріншісі – Жайық бойындағы ескі бекініс, оны былай белгілеген: «Кенделі өзені сағасынан жақын жерде, Кенделі форпостысынан 12 верст<sup>1</sup> қашықтықта. Бекініс өзеннің оңтүстік жағасында құрылысы қосарланған, гректің П әрпіне ұқсас, топырақ үйіндісі мен қазылған орлар: бірінің сыртқы бөлігі жарты верст шеңбер тәрізді, шынтақ биіктігіндей, оған қарсы ішкі беті шеңбер бойынша 20 сажен<sup>2</sup>, биіктігі екі жарым шынтақ және тереңдігі бір сажен ор қазылған, бірақ айналасы тегіс».

Екінші қалашық – Қара және Сары Өзендер аралығында, екеуінің қосылатын жеріне таяу, тар жерде орналасқан. Паллас бұл жерден көптеген арық іздерін тапты, терсідігі бірнеше фут<sup>3</sup> болатын көптеген обалар мен тұрғын үйлер қалдығы бар. Осыған сөйкес ол: «Бұл жер бір уақыттарда адамдар тұрағы болған» деген тұжырымға келді. Бір қираған үйінді орны шаршы кірпіштен салынған 5 тұрғын үйден тұрады.

Сондай-ақ, зерттеуші өзінің «Саяхатында» көптеген көне тарихи ескерткіштерге бірнеше рет көңіл аударады. «Көшім мен Үлкен өзен аралығында үлкен обалар кездеседі. Оларда адам бет-бейнесі қашалған тас мүсіндер бар, бірақ олар басқа халыққа тиесілі сияқты» – деп жазады Паллас.

Сонымен, П.С. Паллас басқа зерттеушілер сияқты көптеген көне ескерткіштердің барына көңіл аударып, оларды қала мәдениетіне жатқызды. Ол екі қалашықтың бірі – қазіргі Орал қаласына таяу маңында, екіншісі – Қара және Сары Өзендердің қосылатын жеріне таяу. Бұл екі болжамның шындығын осы заманғы оралдық археологтар дәлелдеді.

Екінші кезеңде, облыста археологиялық зерттеулердің дамуы ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында тиесілі болды. Бұл кезеңдегі Батыс Қазақстандағы археологиялық зерттеулер М.С. Бабажанов, А. Харузина, И.А. Кастанье, Терещенко есімдерімен тығыз байланысты.

1. Верст - орыстың ескі ұзындық өлшемі, 1 верст 500 саженге немесе 1140 метрге тең

2. Сажен - орыстың ескі ұзындық өлшемі, 1 сажен 3 аришнға немесе 2,1336 метрге тең

3. Фут - ұзындық өлшемі, 1 фут - 30,48 см ге тең

1864 жылы «Орыс географиялық қоғамының этнографиялық жинағында» М.С. Бабажановтың «Қырғыз даласынан табылған тас мүсін» атты мақаласы басылып, ол Ресей ғылыми қоғамының көңілін қазақ жеріне аударды. Зерттеуші М. Харузин Бөкей даласында кең көлемдегі қазба жұмысын жүргізіп, 1889 жылы 22 обаны зерделеді. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Орынбор мұрағат комиссиясы көп жұмыстар жүргізді. И.А. Кастанье тарихи, археологиялық, этнографиялық ескерткіштерді іздестіріп, анықтап, оларды тіркеуге алып, хаттама жүргізуде зор еңбек атқарды, сондай-ақ көптеген обаларға археологиялық қазба жүргізді. Ғалымдар арасында И.А. Кастанье бірінші болып Қазақстанда барлық археологиялық ескерткіштердің 1910 жылғы жағдайына байланысты тізімін жасап, алғашқы жіктемесін, тұрпатын облыстар бойынша анықтап жазды. «Ертедегі қырғыз даласы және Орынбор өлкесі» деген еңбегінде археология және этнография ескерткіштері жөнінде кең көлемде мағлұмат берді. Бұл жұмыс күні бүгінге дейін мәнін жойған жоқ. Батыс Қазақстан аумағында сол жылдары А.Л. Аниховский, А.В. Попов, П.Д. Нефедов, М.Л. Юдин және басқалар жүргізген зерттеулер ежелгі савромат-сарматтар туралы ізденістердің бастауын берді.

Батыс Қазақстанда археологиялық зерттеу жүргізудің үшінші кезеңі кеңестік археология мектебінің ұйымдасуы, дамуы және қазақстандық бөлімнің құрылуымен байланысты. 20-шы жылдардың екінші жартысында өңірде кеңестік уақыттағы зерттеулер басталды. 1925 – 1927 жж. П.С. Рычков бастаған экспедиция Батыс Қазақстан облысының Қара және Сары озен, Шежін өзені аңғарларында ескерткіштерді зерттеумен айналысты. КСРО ғылым академиясының М.П. Грязнов және М.В. Комарова бастаған экспедиция өз зерттеулерін Орынбор мен Ақтөбе облыстары шекарасында Ирекля өзені жағасында жүргізді. 1927 жылдың далалық жұмыс маусымы кезінде Орынбор уезінде Жайық өзенінің оң жағалауындағы ортағасырлық қорымдарды зерттеумен О.А. Кривцов-Граков экспедициясы айналысты. Бұл соғыс алдындағы жылдарда жинақталған материалдар аймақтағы тарихи үдерістерді зерделеуде өзекті маңызға ие болды және осы материалдар күні бүгінге дейін пайдаланылуда.

Батыс Қазақстан облысы аймағында археологиялық қазба жұмыстары 1948 жылы қайта қолға алынды. И.В. Силицын бастаған Саратов мемлекеттік университеті мен Саратов облыстық мұражайының біріккен экспедициясы 1948 – 1950 жылдары аралығында зерттеулер жүргізді. Жаңақала, Көрпембай, Сорайдын, Қара-Оба обалар кешендерінде қазба жұмысын жүргізді. Олар барлығы 28 обаны зерттеді. 1953 жылы Т.П. Сенигова бастаған Тарих, археология және этнография институтының экспедициясы Орал қаласы маңында, Райым, Қамыс-Самар көлдерінде, Қара және Сары Өзен өзендері жағалауларында зерттеулер жүргізді. 1926 – 1953 жылдар аралығында облыста 80 оба зерделенді. Бұл жұмыстарды басқа қалалар мен ғылыми мекемелердің ғалымдары жүргізді.

Оралдық ғалымдар жүргізген алғашқы археологиялық зерттеулер А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты жанынан ұйымдастырылды. Қазба жұмыстарының алғашқы басшысы Г.И. Багриков кәсіби археолог болмаса да, ол 1966 жылы Шыңғырлау ауданындағы Лебедевқа маңындағы ерте темір ғасырына жататын ірі обалар кешенін зерттеді.

Облыстың археология ғылымының бастауында тұрған және археологиялық жұмыстарын кешенді түрде ұйымдастырған Қазақстандық ғалым – Ғ.А. Кушаев. Ол 1968 – 1992 жылдарда Орал археологиялық экспедициясын басқарды. Облыс аумағында археологиялық зерттеулерді жоспарлы ұйымдастыруда негізгі рөл атқарды. 1969 – 1975 жылдары экспедиция құрамына М.Г. Машкова бастаған Мәскеулік археологтар қатысты. Осы уақыт аралығында 180-нен аса обалар зерттелді. Ғ.А. Кушаев өзінің «Орал облысының археологиялық картасы» атты еңбегінің жобасында 320 археология ескерткіштерін көрсеткен. Соның ішінде – Лебедевқа, Барбастау, Шалқар, Алебастрова, Мокринск, Қос-Оба, Балықты-Сакрыл, Мамбетбай және басқалары бар. Бұл жазба толық болмай, кешендердің орналасқан жері шамамен көрсетілгендіктен, кейіннен бұл мәліметтерді қайта тексеруге тура келді.

1976 жылдан Орал археология экспедициясы 2 топ болып зерттеулер жүргізді. Бірінші топты Ғ.А. Кушаев өзі басқарып, Қос-Оба, Мамай I, Балықты Сакрыл I, II, III және басқа кешендерде қазба жұмыстарын жүргізді. М.Г. Машкова және Б.Ф. Железчиков бастаған екінші топ Алебастрова II, Ақтау, Вишневая балка және басқа обаларда зерттеулер жүргізді.

Нәтижесінде 1968 – 1988 жылдары Педагогикалық институт оқытушылары мен студенттерінің күшімен 400-ден аса обалар зерттелді. Осы жылдары археолог Б.Ф. Железчиков ірі ғалым болып қалыптасты, ол Еділ-Жайық аймағындағы көшпенділер туралы мәселелермен айналысты.

Сонымен, бұл кезең Батыс Қазақстан облысы археологиясының тарихында жемісті болды – Орал археологиялық мектебі қалыптасты, белгілі ғалымдармен бірлескен тұрақты экспедиция құру үрдісі қолға алынды, жақсы археология зертханасы және өңірде алғашқы археология мұражайы ашылды.

Көптеген студенттердің археологияға қызығушылығы артты, ғылыми конференцияларға қатысты, кейіннен ғалым болды. Алғашқылардың атқарған жұмыс нәтижелерін талдау өткенді археологиялық зерделеуде жақсы нәтиже берді. Соңғы уақытта тарих ғылымының табысы – көшпенділер өркениеті мен мәдениетіне ғылыми түсінік беру болып табылады. Ерте замандағы көшпенділердің рөлі мен

маңызын, сондай-ад ортағасырлық кезеңде және жаңа тарихты баста дырынан, дәзіры замандағы тарих, археология, этнологияның жетістіктерін ескере отырып, көрсету да жеңіліп туындады.


Ойынше дарай, революцияға дейінгі зерттеулер ашдан жаңалықтар Кеңес өкіметі уадытында ізсіз жоғалды. Адамзат доғамының дамуына идеологиялық, шектеулі таптық кездарас және тарихты доғамдық-экономикалық формацияға белу – өткенді біржақты түсіндіруге ыдпал етті. Бұл, өсіресе, Қазақстан үшін маңызы бар кешпенділер еркеніетін, дұрылымын және дамуын зерделеуге Кері әсер етті. Алтын Орда тарихы біржақты одытылды.

«Татар-монғол шапдыншылығы» кезеңіне біржақты баға берілгендіктен, оның Орта Азия аумағында этносаяси үдерістеріне типізген әсері даралмады. Осының салдарынан тарихи-мәдени дамудың тұтас бір кезең ғылыми зерттеу саласынан тыс далды. Археология ғылымына бұл үдеріс тиелі әсер етті. Әр аймақтың өр кезеңдегі тарихының зерттелуі өрпурль. Олкенің көне тарихын зерттеу жұмысы күні кешеге дейін жүйсіз немесе толық жұрпашмеуінің бірнеше себептерін атауға болады, соның ішінде ең бастысы – жоғарғы деңгейдегі мамандардың жеткішеуі. Кеңестің археологияның гүлдеген кезеңінде, 1970 – 80 жылдарда, археологияның көптеген салалары бойынша, яғни тас деуірін, кешпенділердің кешпенді кезеңі, орта ғасырды зерттейтін мамандар болмады. Жергілікті археологтар, негізінен, ерте темір деуірін зерттеумен айналысты. Сөйтін, өздерінің ғылыми зерттеулерін белгілі-бір археологиялық мәдениетті тар шеңберде гана дамтумен шектеді.

